

СЫН-ПІКІР

Дипломдық жоба
(жұмыс түрінің атауы)

Исаева Нурсая Амантайқызы
(білім алушының аты-жөні)

5B075200 - "Инженерлік жобалар жасау жүйелері"
(мамандық атауы және шифр)

Тақырыбы: "Ақтау қаласындағы 9 қабаттан

тұрғын үйдің жобалық жүйесін жобалау"

Орындалды:

а) сызба материалдары 5 бет

б) түсініктемелік жазба 33 бет

ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Дипломдық жоба берілген тапсырмаға сәйкес орындалған. Қаланың орналасу орнына байланысты ішкі және сыртқы ауаның лентелері алынған. Соған сәйкес жобалық техникалық есептері шығарылған.

Дипломдық жобаға келесідей ескертпелер жасалынған:

- орфографиялық қателіктер;
- сызбадағы өшімдер.

Жұмысты бағалау

Исаева Нурсая Амантайқызы дипломдық жобасын "Әте жаңа" (910) бағалаймын. Исаева Н. А. 5B075200 - "Инженерлік жобалар жасау жүйелері" мамандығы бойынша техника және технология бағытындағы дәрменін беруге бағар.

Сын-пікір беруші

тех. ғыл. канд. Строй Дизайн Проект" ЖШС директоры.



Джусупов А.А.
(аты-жөні)

2022 ж.

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Исаева Нұрсая Амантайқызы

(білім алушының аты-жөні)

5B075200 Инженерлік жүйелер және желілер

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып: Ақтау қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту
жүйесін жобалау

Дипломдық жоба бекітілген бұйрыққа сәйкес және тапсырма бойынша
орындалған. Дипломдық жобалау кезінде студент Исаева Н. жақсы
теориялық білім көрсетіп, дипломдық жобаның бөлімдерінің негізгі
сұрақтарын толық орындады және арнайы әдебиеттер мен нормативті-
анықтамалық құжаттарды қолдана білді.

Студент Исаева Н. дипломдық жобаны орындауда Word, Excel,
AutoCad компьютерлік бағдарламаларын қолданды. Дипломдық жобаның
түсініктемелік жазбасы 33 беттен және 3 қосымшадан, графикалық бөлімі 5
беттен тұрады.

Исаева Нұрсая Амантайқызы дипломдық жобасын «өте жақсы» (90б)
бағаға лайық, ал студент Исаева Нұрсая 5B075200 «Инженерлік жүйелер
және желілер» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры
біліктілігін беруге болады.

Ғылыми жетекші

ИЖЖЖ кафедрасының

техн.ғыл.канд., қауым проф.



(қолы)

Нурпеисова К.М

« 10 » 05 2022 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований

(плагиата) Автор: Исаева Нурсая

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Ақтау қаласындағы тоғыз қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесі..docx

Научный руководитель: Куляш Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 9

Коэффициент Подобия 2: 1.2

Микропробелы: 0

Знаки из здругих алфавитов: 2

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрывтия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата

27.04.2022.

проверяющий эксперт

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер
департаменті директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Исаева Нурсая

Тақырыбы: Ақтау қаласындағы тоғыз қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесі..docx

Жетекшісі: Куляш Нурпеисова

1-ұқсастық коэффициенті (30): 9

2-ұқсастық коэффициенті (5): 1.2

Дәйексөз (35): 0.7

Әріптерді ауыстыру: 2

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 0

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☒ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмәнтудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні

27.04.2022.

Кафедра меңгерушісі

Аминов Р. Аминов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Исаева Н.А.

“Ақтау қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау”

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»


Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд., қауым.проф.
 Алимова К.К.
« 06 » 05 2022 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “Ақтау қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін
жобалау”

Мамандығы 5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»


Орындаған




Исаева Н.А.

Пікір беруші



Жетекші
техн.ғыл.канд., қауым.проф.
 Нурпеисова К.М.
« 10 » 03 2022 ж.

Жетекші

техн.ғыл.канд., қауым.проф.
 Нурпеисова К.М.
« 06 » 05 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

БЕКІТЕМІН

ИЖиЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.
Алимова К.К.
«24» 07 2022ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Исаева Нұрсая Амантайқызы

Тақырыбы: Ақтау қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Университет басшылығының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі

2022 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Сыртқы қоршаулардың жылу техникалық есебі. Сыртқы қоршаулар арқылы жоғалатын жылуды анықтау. Жылыту аспаптары. Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі. Құрылыс-монтаждық жұмыстардың технологиясы. Жұмыс құрамы мен көлемін анықтау. Еңбек шығынынның есебі. Жұмыстың экономикалық тиімділігін есептеу.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы;

в) Экономика бөлімі;

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Жылыту жүйесінің типтік қабат сұлбасы; 2) Жылыту жүйесінің аксонометриялық сұлбасы; 3) Жылыту жүйесінің екінші қабат аксонометриялық сұлбасы; 4) Жылыту жүйесінің тоғызыншы аксонометриялық сұлбасы; 5) Технологиялық карта

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлімі	03.02.2022-20.03.2022	Орындалады
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	23.03.2022-07.04.2022	Орындалады
Экономика бөлімі	03.04.2022-10.04.2022	Орындалады.

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	И.З. Кашкинбаев техн.ғыл.д-ры, профессор	07.04.22	
Экономика бөлімі	К.М. Нурпеисова техн.ғыл.канд., қауым. проф.	10.04.22	
Норма бақылау	А.Н. Хойшиев техн.ғыл.канд., қауым.проф.	06.05.22	

Жетекші

 Нурпеисова К.М.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

 Исаева Н.А.

Күні

« 24 » 01 2022 ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жобада Ақтау қаласындағы тоғыз қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау қарастырылған. Дипломдық жобаның мақсаты жылыту жүйесін жүргізіп, есептеу әдістерін орындау. Жұмыс барысында жылыту жүктемесі анықталады, жылыту жүктемесіне сай жылыту аспаптары және қондырғылары таңдалады.

Гидравликалық есептеуді жүргізу барысында құбырлардың диаметрі, судың жылдамдығы анықталады. Сонымен қатар экономикалық шығындары, ал қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі, құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы мен күнтізбелік жоспар келтіріледі.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте предусмотрено проектирование системы отопления девятиэтажного жилого дома в г. Ақтау.. Целью дипломного проекта является выполнение методов расчета системы отопления. В процессе работы определяется нагревательная нагрузка, подбираются отопительные приборы и установки, соответствующие нагревательной нагрузке.

При проведении гидравлического расчета определяется диаметр труб, скорость воды. Также приводятся экономические затраты, а отдел безопасности и охраны труда, технология и календарный план строительно-монтажных работ.

ABSTARCT

This diploma project provides for the design of a heating system for a nine-storey residential building in Aktau. The purpose of the diploma project is to perform methods for calculating the heating system. During operation, the heating load is determined, heating devices and installations corresponding to the heating load are selected.

During the hydraulic calculation, the diameter of the pipes and the water velocity are determined. Economic costs are also given, as well as the department of safety and labor protection, technology and the calendar plan of construction and installation works.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жобаның техникалық көрсеткіштері және техникалық параметрлері	8
1.2 Қоршау құрылымдарының жылу техникалық есебі	11
1.3 Қоршаушы құрылымдардың жылу жоғалуы	11
1.4 Жылыту жүйесінің жылулық қуаты	12
1.5 Жылыту жүйесінің шешімдері мен есептері	13
1.5.1 Жылыту аспаптарын таңдау	14
1.5.2 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі	16
1.5.3 Жергілікті жылу пунктін негізгі қондырғысы	18
2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	21
2.1 Ұйымдастырылған техникалық шаралар	21
2.2 Еңбек шығындарын калькуляциялау	22
2.3 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі	22
2.4 Көліктің қажеттілік есебі	23
2.5 Аз механизацияланған құрылғылардың, қолмен және механизмделген бұйымдардың қажеттілік есебі	25
2.6 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау	25
2.7 Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі	25
3 Экономика бөлімі	27
3.1 Келтірілген есептің шығын есебі	27
ҚОРЫТЫНДЫ	29
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	30
ҚОСЫМАШАЛАР	33

КІРІСПЕ

Жабық бөлмеде адам өзінің біраз уақытын өткізеді. Сондықтан да, оның өмірлік істеріне жайлы жағдай жасау үшін, бұл бөлмелерде белгілі жылу режимін қатаң түрде сақтаулы қажет.

Бөлмедегі жылу режимін жылыту жүйесімен қамтамасыз етеді, олар ең алдымен, қоршаушы конструкциясын жылутехникалық және жылуфизикалық қасиеттерімен анықталады. Сыртқы қоршаушы конструкциясы, қиын климаттық әсер етуге: лезде суыту және жылынуын, ылғалдылық, қатаю мен ауа-бу өткізгіштіктен бөлмені сақтайды, сол себептен сыртқы қоршаушы конструкциясын таңдауда жоғары талаптар қойылады.

Жылыту-ғимараттар мен үймереттердің бөлмелерінің ішкі ауасына және ондағы қоршау беттеріне температура беріп, оны қажетті деңгейде ұстап тұруға арналған инженерлік жүйелердің бірі. Жылыту қондырғыларымен жылдың суық кезінде бөлмеде жасанды микроклимат қамтамасыз етіледі.

Ғимаратта жылыту жүйесі дұрыс әрі тиімді жүргізілуі керек. Жылдың суық мерзімінде жүйелерді қайта жөндеу және ұйымдастыру өте күрделі үрдіс. Сондықтан жылыту аспаптарын, арматураларды және құбырларды дұрыс таңдау маңызды. Ғимарат бөлмелерінде жылу жағдайын туғызып ұстап тұру үшін техникалық кемел және сенімді жылыту қондырғылар қажет. Сапасына және бағасына мән бере отырып, қолайлы және қолжетімді жылыту аспаптары және құбырларды таңдау қажет. Құрылыс ауданының климаты ызғарлы және ғимаратта жайлы жылу шарттарын қамтамасыз етуге талап жоғары болған сайын, қондырғылар соғұрлым қуатты және икемді болуы қажет.

Бөлмелердің ішкі ауасының температурасын тек жылыту жүйесінің жұмысына ғана байланысты болуы мүмкін. Бұл жүйе бөлме ауасының қажетті температурасын, ылғалдылығын, оның қозғалу жылдамдығын, құрамын және тазалығын қамтамасыз етіп отырады.

Бұл дипломдық жобада Ақтау қаласында орналасқан тоғыз қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесі қарастырылады. Жылыту ретінде сулы жүйесі қабылданады және оны жобалау кезінде қазіргі заманда қолданылатын жылыту аспаптары мен жабдықтары қолданылды.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобаның техникалық көрсеткіштері және параметрлері

Ғимараттың жылыту жүйесін жобалауға қажетті деректер қабылданады.

Жобалау ауданы - Ақтау қаласы;

Ғимарат аталуы – Тұрғын үй;

Қабат саны - 9;

Ғимарат өлшемдері – 20,4 x 12 м;

Ғимарат биіктігі - 27 м;

Жылыту мерзімінде сыртқы ауаның есепті температурасы (ең суық бес күндік): $t_o^{1/} = \text{минус } 14,9^{\circ}\text{C}$;

Жылыту мерзімінде сыртқы ауаның орташа температурасы: $t_{om} = \text{плюс } 1,9^{\circ}\text{C}$;

Жылыту мерзімінің ұзақтығы - 145 тәулік;

Жылыту мерзімі кезіндегі желдің орташа жылдамдығы - $\vartheta_o = 5,7 \text{ м/с}$;

Сыртқы қоршаушы конструкцияның құрылымы мына материалдардан тұрады:

- Бірінші қабаттың сыртқы қабырғасының негізгі тірегі кеңейтілген сазды құмдағы кеңейтілген сазды бетон тұрады. Сыртынан Синтетикалық және битумбайланыстырғыштары бар жұмсақ, жартылай қатты және қатты минералды жүн тақталар қапталған және сыртында қалыңдығы болатын цементті-құмды ерітіндімен сырланған. Қабырғаның ішкі бетінің әрлеу қабаты құрайды.

- Екінші және жетінші қабаттың сыртқы қабырғасының негізгі тірегі кеңейтілген сазды құмдағы кеңейтілген сазды бетон тұрады. Сыртынан Синтетикалық және битумбайланыстырғыштары бар жұмсақ, жартылай қатты және қатты минералды жүн тақталар қапталған және сыртында қалыңдығы 30 мм болатын цементті-құмды ерітіндімен сырланған. Қабырғаның ішкі бетінің әрлеу қабаты құрайды.

1.2 Қоршаушы құрылымдарының жылутехникалық есептері

Жылыту жүйелерін жобалау үшін жылутехникалық есептер арқылы мәліметтер болу қажет. Жылу берудің үш түрі болады: сәулелік, конвективтік және жылуөткізгіштік. Сыртқы қоршауларда жылуөткізгіштік түрі мол болады. Ішкі және сыртқы ауа қатынасы сыртқы қоршаулар арқылы қарастырылады. Жылутехникалық есепті орындауға негізгі қажеттіліктер: жылдың салқын мерзіміндегі ішкі және сыртқы ауаның термодинамикалық параметрлері және сыртқы қоршаулардың жылуфизикалық сипаттамалары.

Жылутехникалық есеп жылытылатын мерзімде ғимараттың барлық бөлмелерінің сыртқы қоршауларына санитарлы - гигиеналық талаптарын және пайдалану шарттарын есепке ала отырып жүргізіледі.

Жылу жоғалту мәні екі түрге бөлінеді: қоршау конструкциялары арқылы жылу шығыны және желдету жүйесінің жұмысына байланысты шығындар. Бірақ бұл мәндерді есептеу және егжей-тегжейлі есеп беру үшін көптеген факторлар ескеріледі: үй-жайлардың ауданы, объектіні пайдаланудың мақсаты мен түрі, жылу өткізгіштік коэффициенті, бу өткізгіштігі және құрылыс конструкциялары материалдарының басқа да сипаттамалары, пайдалану факторларының әсерінен құрылыс материалдары қасиеттерінің ықтимал өзгерістері, шыны саны мен түрі, жылу оқшаулаудың болуы, бөлмедегі температура мен ылғалдылықтың қажетті деңгейі, аймақтың климаттық жағдайы. Осы факторлардың барлығына сүйене отырып, біз қолайлы қалыңдығын есептеп, қоршау конструкцияларына арналған материалдарды таңдаймыз. Жылу техникалық есепті орындауға қажетті негізгі қажеттіліктер: жылдың салқын мерзіміндегі ішкі және сыртқы ауаның термодинамикалық параметрлері және сыртқы қоршаулардың жылуфизикалық сипаттамалары.

Ғимараттардың қоршаушы құрылымдарының жылутехникалық есебінде санитарлы-гигиеналық және жайлылық шарттарына сәйкес жылу таратуға керекті кедергісі R_o^{mp} , $m^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$ анықталады

$$R_o^{mp} = \frac{n \cdot (t_i - t_o')}{\alpha_B \cdot \Delta t_c}, \quad (1)$$

мұндағы t_i, t_o' - ішкі және сыртқы ауаның есепті температуралары;
 Δt_c - ішкі ауа мен қабырғаның ішкі бетіндегі нормативтік температура, қабылданады;

n - сыртқы қоршаудың сыртқы ауаға қатынасын ескеретін коэффициент, қабылданады;

α_B - қоршаудың ішкі бетінің жылуөткізгіштік коэффициенті (ішкі ауаның жылуөткізгіштік коэффициенті) қабылданады, $\alpha_B = 8,7 \text{ Вт}/m^2 \text{ } ^\circ\text{C}$.

$$R_o^{tr} = \frac{1 \cdot (18 - (-14,9))}{8,7 \cdot 4} = 0,945 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}. \quad (1.1)$$

Сыртқы қоршаулардың жалпы жылу өткізу кедергісі, $m^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт}$:

$$R_o = \frac{1}{\alpha_i} + \frac{\delta}{\lambda} + \frac{1}{\alpha_c}, \quad (1.2)$$

мұндағы α_i - қоршаудың ішкі бетінен ауаның жылу өткізу коэффициенті, $\text{Вт}/m^2 \text{ } ^\circ\text{C}$, қабылданады, $\alpha_i = 8,7 \text{ Вт}/m^2 \text{ } ^\circ\text{C}$;

δ - қабырға қалыңдығы, м;

λ - қабырғаның жылу беру коэффициенті, $\text{Вт}/m^2 \text{ } ^\circ\text{C}$;

α_c - сыртқы ауаның жылу өткізгіштік коэффициенті, $\text{Вт}/m^2 \text{ } ^\circ\text{C}$, қабылданады [5], $\alpha_n = 23 \text{ Вт}/m^2 \text{ } ^\circ\text{C}$.

Жылыту кезеңінің градустық-тәулігі - жылыту кезеңінің ұзақтығына ішкі ауа температурасының және сыртқы ауаның орташа температурасының айырмасының көбейтіндісіне тең көрсеткіш, °С·тәулік:

$$ЖМГТ = (t_i - t_{om}) \cdot n_o, \quad (1.3)$$

мұндағы t_i – бөлмелердің ішкі ауа температурасы, °С;

t_{om} – жылыту мерзімінің сыртқы ауа орташа температурасы, °С;

n_o – жылыту мерзімінің ұзақтылығы.

Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергілері қабылданғаннан кейін, олардың жылу өткізгіштік коэффициенттері анықталады, Вт/м²°С:

Сыртқы қоршаулардың жылуөткізгіш коэффициенттерін анықтау үшін олардың жылулық кедергілері белгілі болуы керек. «Құрылыс жылу техникаға» сәйкес сыртқы қоршаудың жылулық кедергісін R_o анықтаудан басталады және ол қоршаудың жылу таратуға келтірілген кедергіден $R_o^{пр}$ санитарлы-гигиеналық талаптарға байланысты кем болмауы керек.

Сыртқы қоршаулардың жалпы жылуөткізу кедергісі R_o , м² °С/Вт анықталады

$$R_o = R_i + R_1 + R_2 \dots + R_c, \quad (1.4)$$

мұндағы R_i - қоршаудың ішкі беттерінен ауаның жылуөткізу кедергісі;

R_1, R_2 - қоршаудың қабаттарының жылуөткізгіштік кедергілері;

R_c - қоршаудың сыртқы бетінен ауаның жылуөткізгіш кедергісі.

Қоршаудың ішкі бетінен ауаның жылулық кедергісі R_i , м² °С/Вт, анықталады

$$R_i = \frac{1}{\alpha_i}, \quad (1.5)$$

мұндағы α_v - қоршаудың ішкі беттерінен ауаның жылуөткізу коэффициенті, Вт/м² °С.

Қоршаудың қабаттарының жылуөткізгіштік кедергілері R_1, R_2 , м² °С/Вт анықталады

$$R_1 = \frac{\delta_1}{\lambda_1}, R_2 = \frac{\delta_2}{\lambda_2}, \quad (1.6)$$

мұндағы δ - қоршаудың қабаттарының қалыңдығы, м;

λ - жылу өткізгіштік коэффициенті, Вт/м⁰С.

Жобалауда мынадай шарт орындалуы тиіс $R_o > R_o^{пр}$.

Сыртқы қоршаулардың жылуөткізгіштік коэффициенті k , Вт/м² °С анықталады

1.1 Кесте - Сыртқы қабырға конструкциясы

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Қалыңдығы, $\delta, \text{м}$	Жылуөткізгіштігі, $\lambda, \text{Вт/м}^\circ\text{C}$	Кедергісі, $R, \text{м}^2^\circ\text{C/Вт}$
Кеңейтілген сазды бетон	0,25	0,80	0,375
Құмды цемент	0,02	0,76	0,026
Синтетикалық және битумбайланыстырғыштары жұмсақ, қатты минералды жүн тақталар	0,15	0,087	1,724
Қаптауыш тақталар	0,004	1,05	0,0038
R_0			2,287
$\Sigma = 2,287 > 2,217$			

1.2 Кесте - Терезе конструкциясы

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Қалыңдығы, $\delta, \text{м}$	Жылуөткізгіштігі, $\lambda, \text{Вт/м}^\circ\text{C}$	Кедергісі, $R, \text{м}^2^\circ\text{C/Вт}$
Әйнекпакеті RENAУ	0,032	0,056	0,55
R_0			0,32
$\Sigma = 0,55 > 0,32$			

1.3 Кесте - Еден конструкциясы

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Қалыңдығы, $\delta, \text{м}$	Жылуөткізгіштігі, $\lambda, \text{Вт/м}^\circ\text{C}$	Кедергісі, $R, \text{м}^2^\circ\text{C/Вт}$
Темір бетон	0,220	1,920	0,114
Перлитопластбетон	0,140	0,052	2,692
Линолеум	0,003	0,380	0,007
R_0			2,973
$\Sigma = 2,973 > 2,950$			

1.4 Кесте - Төбе жабыны конструкциясы

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Қалыңдығы, $\delta, \text{м}$	Жылуөткізгіштігі, $\lambda, \text{Вт/м}^\circ\text{C}$	Кедергісі, $R, \text{м}^2^\circ\text{C/Вт}$
Темір бетонды плита	0,220	1,920	0,114
Жылуоқшаулағыш	0,120	0,052	2,307
Құмды цемент	0,15	0,76	0,197
Руберойд	0,04	0,170	0,235
Битум	0,001	0,270	0,003
R_0			3,017
$\Sigma = 3,017 > 2,950$			

1.3 Қоршаушы құрылымдарының жылу жоғалуы

Бүкіл ғимараттың жылу шығынын есептеу бізге жылыту қондырғысының қажетті қуаты туралы түсінік береді, бөлмелердегі жылу шығынын есептеу радиаторлардың қажетті қуаты туралы түсінік береді.

Жылу шығыны - бұл ғимараттан тыс мақсатсыз кететін жылу. Жалпы жылу шығыны негізгі және қосымша болып табылады.

Жылыту жүйесін жобалау үшін бөлмелердің сыртқы қоршаулар арқылы жоғалатын жылу мөлшері қажет. Бөлмелердің сыртқы қоршаулар арқылы жоғалатын негізгі жылу мөлшері $Q_{\text{нег}}$, Вт мына өрнекпен анықталады

$$Q_{\text{нег}} = A \cdot k \cdot (t_i - t_o) \cdot n, \quad (1.8)$$

мұндағы A - жылу жоғалатын сыртқы қоршаудың ауданы, м^2 ;
 k - осы қоршау конструкциясының жылуөткізгіш коэффициенті, $\text{Вт}/\text{м}^2\text{°C}$;
 t_i, t_o - ішкі және сыртқы ауаның есепті температуралары, °C ;
 n - сыртқы қоршаудың сыртқы ауаға қатынасын ескеретін коэффициент.

Бөлмелердің сыртқы қоршаулар арқылы негізгі жоғалатын жылу шығынына Q , Вт көп факторлар әсер етеді, сондықтан

$$Q = A \cdot k \cdot (t_i - t_o) \cdot n \cdot (1 + \sum \beta) = Q_{\text{нег}} \cdot (1 + \sum \beta), \quad (1.9)$$

мұндағы $\sum \beta$ - қосымша жылу жоғалуды ескеретін түзету коэффициенттер қосындысы, қабылданады: - бөлмедегі екі сыртқы қабырғаға - 5 пайыз (0,05); - сыртқы қабырғаның биіктігіне 4м-ден жоғары әр 1м-ге - 2 пайыз (0,02); - сыртқы қабырғаның бағытына: шығыс, солтүстік - 10 пайыз (0,1), батыс - 5 пайыз (0,05); оңтүстік - 0; - елдің жылдамдығы, егер $V < 5 \text{ м/с}$ - 5 пайыз (0,05), $V > 5 \text{ м/с}$ - 10 пайыз (0,1).

Мысалы: 101 бөлменің сыртқы қабырға үшін жылу жоғалу есебі

$$Q_{\text{нег}} = 10,80 \cdot 0,437 \cdot 36,9 \cdot 1 = 174,153 \text{ Вт},$$
$$Q = 174,153 \cdot 1,25 = 217,69 \text{ Вт}.$$

Қалған бөлмелердің жылу жоғалуы есебі А.1 кестеде көрсетілген.

1.4 Жылыту жүйесінің жылулық қуаты

Ғимараттың жылу жоғалуын Q_o , Вт іріктелген көрсеткіштер арқылы анықтауға болады

$$Q_0 = q_0 \cdot V \cdot (t_i - t_0) \cdot n, \quad (1.11)$$

мұндағы q_0 - жылытудың іріктелген жылу көрсеткіші Вт/м³ °С, ғимараттың сыртқы өлшемімен алынған көлеміне байланысты қабылданады;
 V -ғимараттың көлемі, м³;
 $t_i - t_0$ - ауаның ішкі және сыртқы есепті температуралары;
 n -түзету коэффициенті t_0 -қа байланысты қабылданады.

Жылыту жүйесінің жылулық қуаты $Q_{жж}$, Вт анықталады

$$Q_{жж} = k \cdot \sum Q_0, \quad (1.12)$$

мұндағы k - қосымша түзету коэффициенті, қабылданады (1,07÷1,2);
 $\sum Q_0$ - ғимараттың сыртқы қоршауларымен жалпы жылу жоғалуы.

1.5 Жылыту жүйесінің шешімдері мен есептері

Егер қазандық барлық жылыту жүйесінің "жүрегі" болып саналса, онда радиаторлар (медициналық терминологияны қолдана отырып) оның "өкпесі" болып табылады. Дәл осы жылыту құрылғылары нақты бөлмелерді жылытуға жауап береді. Қазіргі кезде мамандандырылған дүкендерде түрлі радиаторларды сатып алуға болады: алюминий, шойын, болат құбырлы, биметалл. Осы аталған радиатор түрлерін салыстырып, анықтама беріп көрейік.

Жылыту жүйесі – бұл өз ара байланыстары бар конструктивтік элементтердің қосындысы, олар жылытатын бөлмеге қажетті жылу шығынын өнімдеп, таратып беру үшін арналған. Негізгі элементтері- жылу көзі, жылу құбырлары, жылыту аспаптары. Жылыту жүйелерінде жылутасымалдағыш қазан немесе жылуалмастырғышта қыздырылады, содан кейін құбырлармен жылыту аспаптарына келіп түседі. Жылутасымалдағыштың жылуы жылыту аспаптар арқылы бөлмеге беріледі.

Бұл жобада орталықтандырылған 2 құбырлы сулы төменгі таратумен жылыту жүйесі қабылданды. Сыртқы жылу желісінен тасымалдағыш 105⁰С температурасымен ғимараттың жергілікті жылыту пунктіне келеді, бұл жерде жылыту жүйесінің санитарлы - гигиеналық талабына сәйкес тасымалдағыштың температурасы 70⁰С дейін жылуалмастырғышта төмендетіледі.

Жобада «REHAU» фирмасының полипропиленді алюминий енгізілген құбырлары жүргізілген. Ол өзінің жоғары температуралы және механикалық төзімділігімен ерекшеленеді. Құбыр барлық гигиеналық-санитарлық талаптарға сай келеді. Құбырлар тотыққа қарсы жабылған және оқшаулау қарастырылған.

1.5.1 Жылыту аспаптарын тандау

Жылыту аспаптарының жылулық есебінің мақсаты – бөлмеден жоғалатын жылу мөлшерінің орнын толтырып тұруға жеткілікті қызу шығаратын бет ауданын табу. Жылу тасымалдағыштан жылу бөлмеге жылыту аспаптарының қабырғасы арқылы беріледі. Жылыту аспаптарының бет ауданына, оның түріне, орнатылған орнына, құбырларға қосылу сұлбасына және басқа факторларға байланысты болады. Жылыту аспаптарын сыртқы қабырға тұсына, әдетте терезе астына орнатады, себебі терезеден келетін суық ауа ағындарына тосқауыл болады.

Сумен жылыту жүйелерінің негізгі элементтерінің бірі – жылыту аспаптары, олар жылу тасымалдағыш жылуын бөлме ауасына беруге арналған. Жалпы жылу аспаптарының есебінің мақсаты – жылыту аспаптары бөлмеден жоғалатын жылу мөлшерінің орнын толтырып тұруға жеткілікті қызу шығаратын бет ауданын табу. Жылу тасымалдағыштан жылу бөлмеге жылыту аспаптарының қабырғасы арқылы беріледі. Жылыту аспаптарының бет ауданына, оның түріне, орнатылған орнына, қабырғаларға қосылу сұлбесіне және басқа факторларға байланысты болады. Жобада жылыту аспаптары ретінде «Rifar» фирмасының Forza 350 типті биметалл панельді радиаторлары қолданылған.



1 Сурет-Радиатор алдынан көрінісі

Жобада жылыту аспаптары бүйірінен қосынған. Беретін құбырдың осі радиатордың бүйір қырынан әрдайым 80мм, ал қайтатын құбыр - 30 мм –де орналасады. Панельді С типті болат радиаторының биіктігі $H=415$ мм.

Батареялардың әр түрі әртүрлі жылу беруді, сондай-ақ оның артықшылықтары мен кемшіліктерін қамтиды. Мысалы, шойын жоғары жылу мен инерцияға ие. Басқаша айтқанда, ол ұзақ уақыт қызады және ұзақ уақыт салқындатылады. Бұл материалдан жасалған батареялар қысымның кенеттен өзгеруін "ұнатпайды" және үлкен массаға ие. Секцияның қуаты 120-дан 160 Вт-қа дейін өзгереді.

Алюминий радиаторларының артықшылығы жеңіл салмақ және жағымды баға. Міне, алюминий заттарын сатып алудың басты дәлелі. Олар жылу берудің ең жақсы коэффициентіне ие және 15-тен 25 жылға дейін қызмет

ете алады, бірақ тұрақты төмен қысым мен жылутасымалдаушының жақсы сапасы жағдайында ғана. Бірақ, орталықтандырылған жүйе бұл сұраныстарды қанағаттандыра алмайды. Олар үлкен қысымға шыдамайды және ағып кетеді. Сондай-ақ, мұндай құрылымдар судың сапасына сезімтал және оттегінің шығарылуымен химиялық реакциядан жойылады. Өкінішке орай, көп қабатты үйлердің тұрғындары олардан бас тартқан дұрыс.

Болат құбырлы радиаторлар әдемі көрінеді және арзан болады. Тағы бір жағымды жағы-жеңіл салмақ пен жылуды тиімді қайтару. Панельді және құбырлы болат радиаторлар бар. Панельдік үлгілер екі пластинаға ұқсайды, олардың арасында қалған тізбектерде су өтеді. Олар интерьерге өте жақсы сәйкес келеді, өйткені олар өте көрнекті көрінеді. Ал құбырлы бірнеше дәнекерленген бөліктерден тұрады және классикалық батареяларға ұқсас (бірақ олардың формалары әлдеқайда әр түрлі). Әдетте, олар панельдерге қарағанда қымбатырақ. Бірақ пәтер үшін бұл опция қолайлы емес: мұндай өнімдер 10 атмосферадан аспайды, ал егер бұл мән асып кетсе, олар жарылып, ағып кетуі мүмкін. Сонымен қатар, олар жиі коррозияға ұшырайды.

Жалпы жылыту аспаптарының есебінің мақсаты – жылыту аспаптары бөлмеден жоғалатын жылу мөлшерінің орнын толтырып тұруға жеткілікті қызу шығаратын бет ауданын табу. Жылутасымалдағыштан жылу бөлмеге жылыту аспаптарының қабырғасы арқылы беріледі. Жылыту аспаптарының бет ауданына, оның түріне, орнатылған орнына, қабырғаларға қосылу сұлбесіне және басқа факторларға байланысты болады.

Тұрғын үйдің жылыту жүйелеріндегі жылыту аспаптарының есепті жылу бетінің ауданы мына формула бойынша анықталады:

$$A_{\text{жа}} = \frac{Q_{\text{жа}}}{k(t_{\text{орт}} - t_i)} \cdot \beta_1 \cdot \beta_2, \text{ м}^2, \quad (1.13)$$

мұндағы $Q_{\text{жа}}$ - жылыту аспабының жылу жүктемесі, Вт; k - жылыту аспаптарының жылуды алып-беру коэффициенті, Вт/м² °C, қабылданады: шойын аспаптарына – 10, болат аспаптарына – 7,84;

β_1 - артық ауданды ескеретін түзету коэффициенті, радиаторлар үшін қабылданады: 1,03 - 1,08;

β_2 - жылыту аспаптарын сыртқы қабырғаға орналастыруына байланысты қосымша жоғалатын жылу мөлшерін ескеретін түзету коэффициенті, радиаторлар үшін қабылданады: 1,02 – 1,03;

t_i – бөлменің ішкі ауасының есептік температурасы, °C;

$t_{\text{орт}}$ - жылу тасымалдағыштың орташа температурасы, °C, мына формуламен анықталады:

$$t_{\text{орт}} = \frac{t_1 + t_2 + \frac{\tau_{\text{см}} - \tau_{02}}{2}}{2}, \text{ } ^\circ\text{C}, \quad (1.14)$$

Тұрғын үйдің жылыту аспаптарының жылу бетінің ауданын анықтап

болғанан соң, типтік түрін қабылдап, оның орналастыруға қабылданатын саны анықталады:

$$N_{\text{жа}} = \frac{A_{\text{жа}} \cdot \beta_4}{\varphi_c \cdot \beta_3}, \text{ дана,} \quad (1.15)$$

мұндағы φ_c – қабылданған жылу аспабының бір секциясының жылу бет аудандары, м^2 ;

β_3 – жылыту аспаптарының орналасуына байланысты қабылданатын коэффициент;

β_4 – судың құбырда суып калуына байланысты қабылданатын коэффициент.

Тұрғын үйдің жылыту жүйелеріндегі жылыту аспаптарының есебі А қосымшасында кесте ретінде жүргізіледі.

1.5.2 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі

Гидравликалық есеп гидравлика заңымен жүргізіледі. Гидравликалық есептеулер жылыту жүйесі оның жеке бөліктерін емес, тұтасымен жылыту үшін қажет. Өйткені, сұйықтық ең аз қарсылық жолымен қозғалады. Осылайша, жолдағы әрбір фитинг, құбырдың әрбір метрі, сонымен қатар диаметріне және тіпті материалына байланысты салқындатқышқа қарсылық жасайды. Ал белгілі бір жағдайларда салқындатқыш қазандыққа және оның сорғысына жақын бөлмелерді керемет жылытуы мүмкін, ал ең алыс жылыту радиаторлары салқын болады. Сондай-ақ, таңдалған жылыту схемасы салқындатқыштың қозғалысына әсер етеді - бір құбырлы, екі құбырлы, коллектор-арқалық екі құбырлы және т.б.

Дұрыс есептеу үшін құбырлардың диаметрлерін, олардың материалы мен ұзындығын, таңдалған қозғалыс үлгісін, фитингтерді, жылыту радиаторларының түрін ескеру қажет. Кем дегенде негізгі есептеулерсіз қолайлы тұрақтылыққа және жабдықты ұзақ мерзімді пайдалануға қол жеткізу мүмкін емес. Гидравликалық жүйенің жұмысын модельдеу, шын мәнінде, барлық одан әрі жобалау әзірлемелері салынған негіз болып табылады. Жылыту жүйесін таңдағаннан кейін құрастырылған аксонометриялық сұлба үшін гидравликалық есептер жүргізіледі. Гидравликалық есептің мақсаты:

- құбырлардың оптимальды диаметрін таңдау;
- жүйенің учаскелеріндегі жоғалатын қысымды табу.

Әр учаскедегі есепті су шығыны мына формуламен анықталады:

$$G_0 = \frac{Q_0}{c(t_1 - t_2)} = \frac{Q_0}{c(\tau_{\text{см}} - \tau_{02})}, \text{ кг/с,} \quad (1.16)$$

мұндағы Q_0 - әр учаскедегі жылу жүктемесі, Вт;

с-судың жылу сыйымдылығы, Дж/кг⁰С, қабылданады: 4189 Дж/кг⁰С;

$\tau_{см}$ – жылыту жүйесінің беретін құбырындағы судың температурасы, ⁰С;

τ_{02} – жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы судың температурасы, ⁰С.

Есепті айналымды сақинасының орташа меншікті қысым жоғалуы мына формуламен анықталады:

$$R_{орт} = \frac{(1-\varphi) \cdot \Delta P_p}{\sum l}, \text{ Па/м}, \quad (1.17)$$

мұндағы φ – үйкелісте жоғалатын қысымды ескеретін коэффициент, қабылданады: екі құбырлы жүйеде – 0,35; бір құбырлы жүйеде – 0,5.

Тұрғын үйдің көлденең екі құбырлы жылыту жүйесінің учаскелеріндегі жоғалатын қысым мына формуламен анықталады:

$$\Delta P = \Delta P_l + \Delta P_m, \text{ Па}, \quad (1.18)$$

мұндағы ΔP_l - құбыр ұзындығындағы жоғалатын қысым, Па ол мына формула бойынша анықталады:

$$\Delta P_l = \frac{\rho \cdot v^2}{2 \cdot l} = R \cdot l, \text{ Па}, \quad (1.19)$$

мұндағы R - 1м ұзындықта меншікті жоғалатын қысым, Па/м;

ΔP_m - жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, Па, ол мына формуламен анықталады:

$$\Delta P_m = z = \frac{\sum \varepsilon \cdot \rho \cdot v^2}{2} = P_{дин} \cdot \sum \varepsilon, \text{ Па}, \quad (1.20)$$

мұндағы $P_{дин}$ - динамикалық қысым, жылдамдыққа байланысты анықталады, Па;


$\sum \xi$ – жергілікті кедергілердің қосындысы, әр учаскеге бөлек есептеледі. Есептеу нәтижелері А қосымшасының жалғасы кестесінде көрсетілген.

1.5.3 Жергілікті жылыту пунктінң суараластырғышы

Тұрғын үйдің жергілікті жылу пунктін жертөледе орналасқан. Жергілікті жылыту пунктінң негізгі қондырғысы суараластырғыш элеватор болып

есептеледі. Элеватор тораптары өткен ғасырдың ортасынан бастап көп пәтерлі үйлердің жылу пункттерінде қолданылады, кейбір үлгілер әлі де сәтті жұмыс істеуде. Тұрғындар ескірген элементтерді заманауи автоматикамен жабдықталған жаңа арматураға ауыстыруға асықпайды және бұл құлықсыздық толығымен негізделген. Элеватор-бұл жылу жүйесінен келетін салқындатылған суды араластыру арқылы кіретін салқындатқыштың қысымы мен температурасын төмендететін энергияға тәуелсіз құрылғы.

Жылыту жүйесінің элеваторлық торабы-үйдің жылыту жабдығының бөлігі болып табылатын ерекше функционалдық механизм. Шын мәнінде, ол су ағынының немесе эжекциялық сорғының рөлін атқарады.



1 – сопло; 2 – алдыңғы камера; 3 – араластырғыш камера; 4 – диффузор

2 Сурет-Элеватор сұлбасы

Құрылғының арқасында элеватор жылу жүйесіндегі қысымды жоғарылатуға мүмкіндік береді, ал салқындатқыштың көлемін арттырады (судың жоғарылауы оның жоғары температурасы мен бірдей жоғары қысымға байланысты алынады). Бұл дегеніміз, құбырлардағы су жабық кеңістікке байланысты буға айнамай 150°C дейін қызады. Сонымен қатар, элеваторда жоғары қысым пайда болады. Элеватор құрылғысы жасайтын барлық көрсетілген жағдайлар жылу құбырларына одан әрі тиімді жылу беруге ықпал етеді. 150 градустық су тікелей пайдалану орнына жақындағаннан кейін элеватор қосылады. Ол судың температурасы мен қысымын төмендетуі керек, өйткені мұндай қыздырылған күйде салқындатқыш жылу жүйелеріне кіре алмайды. Әйтпесе, шойын батареялары, құбырлар нашарлайды, сонымен бірге олардың бұзылу ықтималдығы сақталады, бұл қайғылы салдарға әкелуі мүмкін. Радиаторлар шойын емес, басқа металдан жасалған болса да, күйіп қалу мүмкіндігі бар.

Зауытта дайындалған элеваторлар қатары 7 өлшемнен тұрады, әрқайсысына нөмір берілген. Таңдау кезінде 2 негізгі параметр ескеріледі - мойынның диаметрі (араластыру камерасы) және жұмыс сопласы. Соңғысы-қажет болған жағдайда өзгертін алынбалы конус.

Соплоны ауыстыру екі жағдайда жүргізіледі:

1 Табиғи тозу нәтижесінде бөліктің көлденең қимасы ұлғайған кезде.

Мұның себебі-салқындатқыштағы абразивті бөлшектердің үйкелісі.

2 Егер араластыру коэффициентін өзгерту қажет болса-үйді жылумен жабдықтау жүйесіне берілетін судың температурасын көтеру немесе төмендету.

Элеватордың артықшылықтары: құрылғының басқа құрылғылар мен электр қуатынан Тәуелсіздігі (бұл тек автоматты емес элеваторларға қатысты), элеваторлық схеманың (конструкцияның) қарапайымдылығы, қызмет көрсету кезінде жүйенің жеңілдігі, сыртқы ортадан тәуелсіздік (әртүрлі температурадағы жылу тасымалдаушылардың араластыру коэффициенті сыртқы ортаның температурасына тәуелді емес), беріктік (қарапайым құрылғының арқасында элеватор бөлшектерді жөндей және ауыстырмай ұзақ уақыт қызмет ете алады), функционалдылық (элеватор түйінінің тағы екі пайдалы функциясы бар-ол сорғы мен араластырғыш ретінде де әрекет етеді), төмен құны (элеваторды құрайтын металл бөлшектер арзан және сирек емес).

Суағынды элеваторлар жұмыста қарапайым және пайдалануда сенімді болғандықтан кең қолданылады, ал кемшіліктері: ПӘКі кішкентай, сыртқы жылумен қамту жүйесінде апаттық жағдай кезінде жылыту жүйесінің айналуы тоқтайды, араластыру коэффициентінің тұрақтылығы жылыту жүйесінің жергілікті сапалық реттеуді жояды. Бұл кемшілікті жою үшін элеватор соплосының тесігінің аймағына автоматтық түрде реттеу қолданылады.

Элеваторды таңдау үшін келесі жолмен арнайы есептер жүргізіледі.

1) Жылу желісінен түсетін судың шығыны анықталады:

$$G_{жж} = \frac{Q_{ж}}{c \cdot (T_1 - T_2)}, \text{ кг/с} \quad (1.21)$$

$$G_{жж} = \frac{45935}{4189 \cdot (150 - 70)} = 0,137 \text{ кг/с},$$

мұндағы $Q_{жс}$ — жылыту жүйесінің жалпы жылу шығыны, Вт;

c — судың жылу сыйымдылығы, Дж/кг $^{\circ}\text{C}$;

T_1, T_2 — судың температуралары, 150 және 70 $^{\circ}\text{C}$ тең

2) Элеватордың араластыру коэффициенті анықталады:

$$\alpha = \frac{(T_1 - t_1)}{(t_1 - t_2)}, \quad (1.22)$$

$$\alpha = \frac{(150 - 95)}{(95 - 70)} = 2,2,$$

3) Жылыту жүйесіне түсетін судың шығыны анықталады:

$$G_{жж} = \frac{Q_{ж}}{c \cdot (t_1 - t_2)}, \text{ кг/с}, \quad (1.23)$$

$$G_{\text{жж}} = \frac{45935}{4189 \cdot (95 - 70)} = 0,438 \text{ кг/с}$$

мұндағы t_1, t_2 – жылыту жүйесінің беретін және қайтатын құбырындағы судың температуралары, °С.

4) Элеватордың мойынының диаметрі анықталады:

$$d_m = 1,55 \cdot \frac{G_{\text{жж}}^{0,5}}{\Delta P_{\text{ж}}^{0,25}}, \text{ см}, \quad (1.24)$$

$$d_m = 1,55 \cdot \frac{0,438^{0,5}}{9291,9^{0,25}} = 15 \text{ мм},$$

мұндағы $\Delta P_{\text{ж}}$ жылыту жүйесіне элеватор арқылы берілетін қысым, кПа.

1) Элеватордың сопласының диаметрі анықталады:

$$d_c = \frac{d_r}{1+u}, \text{ см}, \quad (1.25)$$

$$d_c = \frac{15}{1+2,2} = 5 \text{ мм} = 0,5 \text{ см},$$

2) Элеватор жұмыс атқару үшін жылу желілерінен ғимаратқа берілетін жоғалатын қысым анықталады:

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{G_{\text{жж}}^2}{d_c^4}, \text{ Па}, \quad (1.26)$$

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{0,137^2}{0,5^4} = 1,89 \text{ кПа},$$

Есеп аяқталғаннан кейін элеватордың типтік номері таңдалады және оның конструктивтік өлшемдері қабылданады.

Есеп аяқталғаннан кейін элеватордың типтік номері таңдалады. Қабылдаймыз: есептеуден шыққан $d_c = 0,5$ см және $d_m = 15$ мм мәндері арқылы элеватордың тиіпті стандарттық элеватор №1 таңдадым.

Жылыту жүйесінің спецификациясы Б қосымшасында көрсетілген.

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

Құрылыс өндірісінің технологиясы бұйымдар мен түзілістерді дайындау бойынша құрылыс процестерін орындау саласындағы және оларды дайын құрылыс өнімдеріне үймереттер мен ғимараттарға айналдыру жөніндегі білім жиынтығы. Технологиялық жобалау өзімен ең аз техникo-экономикалық көрсеткіштерімен жоғары сапалы құрылыс өнімін шығаруын қамтамасыз ететін құрылыс процестерін орындау үшін ең жақсы ұйымдастыру-технологиялық шешімдерін табуын көрсетеді.

Жұмыс өндірісінің жобасы - технологиялық тәртіптермен, еңбек қорғау талаптарына, экологиялық қауіпсіздікке және жұмыс сапасына сай құрылыс жұмыстарының өндірісін ұйымдастыруды реттейтін негізгі құжат. Жұмыс өндірісінің жобасы жинақтау жұмыс өндірісі және ұйымы бойынша нұсқамалардан тұрады және жұмыс құнының төмендеуіне, олардың қысқартылу ұзақтылығына және еңбек өнімділігінің жоғарлауына, құрастырулық жұмыс сапасының жақсаруына себепші болады.

Жұмыс өндірісінің жобасының құрамына келесілер кіреді:

- жұмыс өндірісінің күнтізбелі жоспары;
- құрылыстық бас жоспар;
- объектке құрылыстық құрылымдардың, бұйымдардың, материалдар мен қондырғылардың келу графигі;
- объект бойынша жұмысшы кадрлары және негізгі құрылыс машиналары жылжу графигі;
- технологиялық карталар;
- қауіпсіз техника бойынша шешімдер;
- техника-экономикалық көрсеткіштер.

Құрылыстық бас жоспар тұрғызылатын және уақытша ғимараттар мен үймереттер, жолдар, жар асты және жер үсті жүйелер мен коммуникация, құрылыстық және жүккөтергіш машиналардың орналасуын, құрылыс алаңының шекарасын анықтайды.

Технологиялық жобалаудың мұндай қорытынды құжаттарына жұмыс өндірісінің жобасы, технологиялық карталар және құрылыс өндірісінің еңбек процестерінің карталары жатады. Жұмыс өндірісінің жобасы құрылысты ұйымдастыру жобасында қабылдаған негізгі шешімдері және жергілікті ұйымдастыру-техникалық жағдайларды есепке алып жұмыс сызбалары негізінде құрылыс ұйымын жасайды

2.1 Ұйымдастырылған техникалық шаралар

Ақтау қаласындағы тоғыз қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы бойынша жоба технологиясы мен ұйымы жасалуы қажет. Жинақтау жұмысы жылыту жүйесінің бөлек бөлімдерінен тұрады.

Жылыту жүйесі бойынша жинақтау жұмысын жүргізу кезінде жақын

орналасқан су құбырлары мен энергиямен жабдықтау желілері, сонымен қатар объектке жақын жатқан автокөлік жолы пайдалануы мүмкін

2.2 Еңбек шығындарын калькуляциялау

Еңбек шығындарын калькуляциялау жұмысшылар сызбасының негізінен және жинақтау жұмысының таңдалған әдісі түсініктемесінен құрастырылады. Калькуляция бұл – арнайы жұмыс түріне немесе жалпы объектінің құрылымдық элементінің бірлігіне құрылыстық-монтаждық жұмыстар кешені үшін нормативті уақыт пен еңбек ақы суммасының жинақ есебі. Оның құрамында тек негізгі жұмыстар ғана емес, сонымен қатар керекті қосымша және ілеспе жұмыстар, оның құрамында нормативтермен және ұтымды ұйымдастыру және жұмыстарды механизациялаумен келісілген қашықтыққа жұмыс орындарына материалдар мен бұйымдарды жеткізу қарастырылады. Негізгі мақсаты – еңбекті нормалауды жеңілдету, оның аккордты және келісімдісыйлықақы төлеу жүйесін дамытуға мүмкіндік жасау.

Бірыңғай нормалар мен бағалар құрылыс, монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарының жұмысшыларының келісілген еңбек ақысы мен еңбек шығындарын анықтау үшін арналған техникалық негізделген нормалар мен бағалар кешені болып келеді.

Құрылыстың өзіндік құны құрылысты ұйымдастырудың маңызды экономикалық көрсеткіші болып табылады. Ол құрылыс өндірісінің материалдық, еңбек, энергетикалық және басқа шығындарды ақшалай түрде көрсетеді. Еңбектің сыйымдылығы адам-күн (ауысым-күн) немесе адам-сағатпен (ауысым-сағатпен) көрсетілген жұмыстың көлем бірлігін орындау үшін еңбек шығындарының мөлшерімен анықталады

Құрылыс ұзақтығы нақты құрылыс үрдісі жұмысының көлемін орындауға кететін уақытпен (сағат, ауысым, апта, ай, жыл) анықталады. Кешенді үрдістің және оның құрамына кіретіндердің ұзақтығы үрдісті орындауға қабылданған әдіске (тасқынды, жарыспалы, жүйелі) байланысты.

Еңбек және машина уақытының шығынының калькуляциясы -кестеде келтірілген.

Бірыңғай нормалар және бағаларбойынша құрылыс, жинақтау және жөндеу-құрылыс жұмыстарының шығындары, содан кейін объект бойынша көлемдері анықталады. Жұмыс номенклатурасында негізгі және қосымша жұмыс түрлері қарастырылады. Жұмыс күні 8,2 сағатқа созылатын бір аусымнан тұрады.

2.3 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі

Күнтізбелік жоспар – бұл жұмысқа және оның орындалу уақытына қатысты технологиялық жабдықтар мен құбырлардың жинақтау жұмысы

технологиясының графикалық моделі. Күнтізбелік жоспар жасауға арналған қажетті мәліметтер мыналар: жабдықтардың жинақтау жұмысының нормативті уақыты, кадрлар, машиналар және механизмдер жайында, жабдықтардың жеткізілуі жайында, еңбек шығынының калькуляциясы жайында және т.б. мәліметтер.

Күнтізбелік жоспарды тұрғызу және есептеу үшін қажетті мәліметтермен ақпарат тізімі құрастырылады.

График дұрыс құрастырылуы кезінде жұмысшылар қозғалысының бірқалыпсыз коэффициенті 1,5-тен көп болмауы керек.

Ол мына формула бойынша анықталады

$$K = \frac{n_{max}}{n_{cp}}, \quad (2.1)$$

мұндағы n_{op} – жұмысшылардың орташа саны, адам.

$$n_{op} = \frac{\sum Q}{T \cdot K}, \quad (2.2)$$

мұндағы $\sum Q = \sum q_i t_i$ – i -ші жұмыс бойынша жылу сыйымдылық адам·күн;

T – жинақтау жұмысының күндегі ұзақтылығы;

K – өнімді қайта орындаудың орташа коэффициенті, 1-ге тең деп қабылданады.

Қабылданады $\sum Q = 136,29$ адам·күн және $T = 18$ күн, жұмысшылардың орташа саны тең болады

$$n_{op} = \frac{136,29}{18} = 7,57 \text{ адам}, \quad (2.2)$$

$$K = \frac{10}{7,57} = 1,33. \quad (2.1)$$

2.4 Көліктің қажеттілік есебі

Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы кезіндегі тасымалдау жүктері құбырлар және радиаторлар болып табылады. Транспорт түрі барлық жабдықтарды, оның габариттері, тасымалдау арақашықтығы және тасымалдауға кеткен уақытты есепке ала отырып таңдалады.

Негізгі транспорт түрі – ернеулі автокөлігі болып табылады. Транспорт саны N , дана мына формула бойынша анықталады

$$N = \frac{Q}{P_{мэу} \cdot T}, \quad (2.3)$$

мұндағы Q – тасымалданатын жүктің саны (жабдықтардың, материалдардың және конструкциялардың ақпарат тізімі негізінен қабылданады); $Q = 2$ тонна;

T – тасымалдау күнінің саны, 1 күн деп қабылданады;

$P_{\text{тәу}}$ – автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы, т/аусым мына формула бойынша анықталады

$$P_{\text{тәу}} = q \cdot n_p, \quad (2.4)$$

мұндағы q – автокөліктің жүк көтергіштігі, 4 тонна деп қабылданады;

n_p – аусымдағы автокөлік рейстерінің саны, ол мына формула бойынша анықталады

$$n_p = \frac{t_{\text{см}}}{\left(2 \cdot \frac{L}{V_{\text{ср}}}\right) + t_n + t_p + t_m}, \quad (2.5)$$

мұндағы $t_{\text{см}}$ – аусым ұзақтылығы, 8,2 сағ.;

L – базаға дейінгі арақашықтық, 10 км;

$V_{\text{ср}}$ – қаладағы орташа қозғалыс жылдамдығы, 20 км/сағ;

$t_{\text{ти}}$ – жүкті тиеу уақыты, БНЖБ1 бойынша анықталады;

$t_{\text{т}}$ – жүкті түсіру уақыты: $t_{\text{т}} = t_{\text{ти}} = 35$ мин;

$t_{\text{м}}$ – жүкті тиеу және түсіру маңында маневр жасау уақыты, 2 мин немесе 0,03 сағ. тең деп қабылданады.

Сонда аусымдағы автокөлік рейстерінің саны мынаған тең болады

$$n_p = \frac{8.2}{\left(2 \cdot \frac{10}{20}\right) + 0.58 + 0.58 + 0.03} = 3.7 \text{ рейс}, \quad (2.5)$$

Аусымда 4 рейс деп қабылданады. Онда автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы мынаған тең болады

$$P_{\text{тәу}} = 4 \cdot 4 = 16 \text{ т/аусым}.$$

Жоғарыдағы мәндер бойынша транспорт саны мынаған тең

$$N = \frac{3}{16 \cdot 1} = 1 \text{ машина}.$$

Маркасы КАМАЗ 4308 автокөлігі қабылданады, жүк көтергіштігі 5 тонна.

2.5 Аз механизацияланған құрылғылардың, қолмен және механизмделген бұйымдардың қажеттілік есебі

Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы бригадаларға бөліну арқылы өтеді. Звено және бригада құрамы өндіріс жұмысының графигі негізінде қабылданады. Әрбір бригада міндетті түрде аспаптар жинағымен қамтамасыз етілуі керек, себебі жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы бойынша тәжірибе жүзінде барлық жұмыс көлемін автономды орындауы керек.

Аспаптар қажеттілігі бригада жұмысшыларының санымен анықталады, ал оның номенклатурасы норма бойынша орындалатын жұмысқа қатысты қабылданады. Механизмдер мен құралдардың тізбегі техникалық карта және өндіріс техникасының негізінде анықталады. Аз механизациялы құралдары, қолмен жұмыс жасайтын және механизацияланған аспаптар есебінің мәліметтері Ә.1 кестеде келтірілген.

2.6 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау

Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысын аяқтағаннан кейін, жылу пунктіне жабдықтарды қосу, жабдықтарды жүргізіп сынаудан өнімделетін басқа барлық коммуникацияларға қосылу және жүйелерді сынау жүргізіледі.

Сынақ жүргізу алдынан қондырылған жылыту аспаптары жоба мәліметтеріне сәйкес келуін, құбырлар дәнекерлену сапасы, олардың жылыту аспаптарымен қосылуын, жабдықтардың дайын болуын тексереді.

Тексеру кезінде пайда болатын барлық ақауларға ақпарат тізімі құрастырылады және оны реттеушіге береді. Ақауларды сынақ жүргізу басталғанға дейін міндетті түрде алып тастау керек.

Сынақ кезінде жылыту жүйесінің негізгі сипаттамалары әшкереленеді және тексеріледі:

- жылыту аспаптарының қыздырылуының бір қалыптылығы;
- құбырлардың және жүйенің басқа элементтерінің тығыздалмай қалуы;
- жылыту жүйесінің қысымы мен температурасы.

2.7 Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі

